

Қазақстан Республикасының мемлекеттік экспорттық бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 23 желтоқсандағы N 378-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік экспорттық бақылау жүйесін жетілдіру
м а қ с а т ы н д а :

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|-----------------------|---|
| Лукин | - Қазақстан Республикасының Индустрия |
| Андрей Иванович | және сауда вице-министрі, жетекші |
| Тұрсынов | - Қазақстан Республикасы Индустрия және |
| Рахат Қалыбекұлы | сауда министрлігі экспорттық бақылау |
| | және лицензиялау басқармасының |
| | бастығы, жетекшінің орынбасары |
| Жұбанышев | - Қазақстан Республикасы Индустрия және |
| Сақып Кәденұлы | сауда министрлігінің экспорттық |
| | бақылау және лицензиялау басқармасы |
| | экспорттық бақылау бөлімінің |
| | бастығы, хатшы |
| Тілеубекова | - Қазақстан Республикасы Денсаулық |
| Бақыткүл Төлеуханқызы | сақтау министрлігінің Мемлекеттік |
| | санитарлық-эпидемиологиялық |
| | қадағалау комитеті |
| | санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау |
| | басқармасының бастығы |
| Бексаринова | - Қазақстан Республикасы Индустрия және |
| Гүлнар Сәкенқызы | сауда министрлігінің Әкімшілік және |
| | құқықтық жұмыс департаменті заң |
| | басқармасының бастығы |
| Есболлаев | - Қазақстан Республикасы Ауыл |
| Ақын Имаханұлы | шаруашылығы министрлігінің |
| | Ветеринария департаменті |
| | лицензиялау, ветеринарлық |
| | препараттарды мемлекеттік тіркеу |
| | және ветеринарлық инспекция |
| | басқармасының бастығы |

Ақпанбаева Дина Қияшқызы	- Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің экспорттық бақылау және лицензиялау басқармасы бастығының орынбасары
Смағұлов Ермек Мауылханұлы	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті тарифтік емес реттеу және экспорттық бақылау бөлімінің бастығы
Шәріпова Динара Хайроллақызы	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаменті заң жобалау қызметін қамтамасыз ету бөлімінің бастығы
Мәсенов Шыңғыс Төлегенұлы	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитеті материалдарды бақылау бөлімінің бастығы
Бұтаев Құдайберді Мырзаханұлы	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині департаменті өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бастығы
Тоғызбаев Олжас Қабдешұлы	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, халықаралық қауіпсіздік құрылымдары және экспорттық бақылау бөлімінің бастығы
Сәрсенбаев Марат Жорабекұлы	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті халықаралық шарт бөлімінің аға офицері
Рахметов Әбілхайыр Орақұлы	- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Заң басқармасының консультанты (келісім бойынша)
Қожабеков Жанат Мұхамбетзәкірұлы	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қоғамдық қауіпсіздік

департаменті лицензиялық рұқсат ету
жүйесі басқармасының аға инспекторы

Құтыбаев

Бақыт Өмірзақұлы

- Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрлігінің Ғылым
департаменті ғылыми-техникалық
бағдарламалар мен инновациялық
қызметті болжамдау және дамыту

басқармасының бас маманы

2. Жұмыс тобы 2005 жылғы 20 наурызға дейінгі мерзімде:

1) экспорттық бақылау саласындағы халықаралық заңнама мен халықаралық
мемлекеттік өзара іс-қимыл тәжірибесіне талдау жүргізсін;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

Қазақстан Республикасында экспорттық бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі,
о н ы ң і ш і н д е :

экспорттық бақылауға жататын өнімдердің бақылау тізімдерін қайта жасау және
олардың кодталуын он таңбалы нөмірлеуге ауыстыру;

экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жөніндегі іс-шаралар
ж о с п а р ы н ы ң ж о б а с ы н ;

үйлестіруші мемлекеттік органды белгілеуді және мемлекеттік органдардың
функциялары өкілеттіктерін дәл ажыратуды көздейтін Қазақстан Республикасындағы
экспорттық бақылау ережесін енгізсін.

Премьер-Министр